

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылығы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2022 ж. 28.12. жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
А.С. Көлгіновке

### Депутаттық сауал

### Құрметті Алтай Сейдірұлы!

Осы депутаттық сауалыма 19-желтоқсан күнгі Ақтөбедегі мектеп оқушыларының волейболшылар командасының жол апатына ұшырағаны себеп болып отыр. Осындай оқиғалар жиілеп кетті.

Өкінішке орай, кезекті жол апаты жасөспірімнің көз жұмуына алып келді. Орны толмас қайғы. Ата-аналарына қайғырып көңіл айтамыз. Жарақат алған балалардың сауығып ата-анасымен қауышуын тілейміз.

Ақпарат құралдарынан оқып білгеніміз, жол апатының орын алуына бір неше себеп болып отыр. Ол балаларды тасымалдауда пайдаланған көліктің талапқа сәйкессіздігі және іс-шараны ұйымдастырудағы немқұрайдылық. Кездейсоқ адамдардың басшылық қызметке тағайындалуы т.с.с.

Соңғы кезде қоғамда әр салада орын алып жатқан келеңсіз жағдайларды шолып өтсек.

- Шардара қаласы тұрғындарының жазда екі ай бойы ауыз сусыз қалуы.
- Мектеп басшыларының және класс жетекшілерінің

немқұрайдылығының кесірінен мектепте зорлық-зомбылық орын алуда. Ақша бопсалау әдетке айналған. Мектептегі жабайылыққа шыдай алмай балалар өмірмен қоштасып жатыр.

- Кейбір әскери командирлердің отан қорғаудағы ең мықты құрал ол жауынгер екенін, қатардағы жауынгерлердің арасындағы достығы, бір біріне деген жанашырлығы мен құрметі маңызды еместігі келеңсіз жағдайларға алып келеді. Ең өкініштісі өлімге алып келіп жатқаны.

Осындай жағдайларды тізбектей берсек бірнеше беттен асады.

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары өз деңгейінде жұмыс атқарып жатқан жоқ. Соның ішінде оқушыларды, жасөспірімдерді тасымалдаудағы

талаптар мүлдем орындалмай отыр деуге болады. Бұл практика бұрыннан орын алып келе жатыр.

Құрметті Алтай Сейдірұлы!

Балалар тасымалдаудағы ережелерді қайта қарастырып мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтасыз ететін шараларды қатаңдатуды талап етеміз.

Басшылық қызметке тағайындалып жатқан азаматтардың кәсіби біліктілігімен қатар ұйымдастуру қабілетіне аса мән берген жөн болар еді.

**Құрметпен,**

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары  
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері**

**Қ.Ержан**

**Ф.Қаратаев**

Орынд.: Н. Байрқұлова  
746740